Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы – № 3 (124)/2018, 44-50 б.
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University – № 3 (124)/2018, 44-50 pp.
http://bulpedps.enu.kz/; E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

ХҒТАР 14.35.01

С.Т. Иманбаева [1], Ш. И.Джанзакова [2]
[1] Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Атырау, Қазақстан
(E-mail:imanbaevast@mail.ru)

«Интеллектуалды ұлт - 2020» ұлттық бағдарламасының зиялы орта құрудағы маңызы

Аннотация. Мақалада «Интеллектуалды ұлт - 2020» ұлттық бағдарламасында қамтылған мазмұнға сәйкес болашақ маманның зияткерлік әлеуетін қалыптастыру - мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтаудың кепілі тұрғысынан интеллектуалды тұлғаны, интеллектуалды ұлтты әлеуетін қалыптастырудың маңызына тоқталады. Иинтеллектуалды тұлғаны, интеллектуалды ұлттың әлеуетін қалыптастыруды қоғамдағы ең көкейтесті мәселе екеніне тоқтала отырып бәсекеге қабілеттілік, Қазақстанның бәсекеге қабілетті мемлекет, интеллектуалды ұлттың әлеуетін қалыптастырудың негізгі индикаторлары, интеллектуалды әлеует, ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтаудың кепілі екеніне тоқталады. Интеллектуалды дамыған тұлғаның моделіне мәндік сипаттама беріліп, «интеллект», «интеллектуалды ұлт», «тұлғаның интеллектуалды әлеуеті», «интеллектуалдылық» ұғымдарының мазмұны нақтыланған. «Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру негіздері» атты курсты жоғары оқу орнының білімдік үдерісіне ендіру тәжірибесі ұсынылған.

Түйін сөздер. Интеллектуалды ұлт, интеллектуалды әлеует, жеке тұлғаның интеллектуалды әлеуеті, бәсекеге қабілеттілік, Қазақстанның бәсекеге қабілетті мемлекет, тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтары.

DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-124-3-44-50

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» тақырыптағы жолдаудан тәуелсіздік жылдардағы жетістіктер - еліміздің ұлттық мақтанышы тұрғысынан, елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналған, сыналы жүріп шыңдалған даму үдерісіміздің нәтижесі баса айтылған тарихи құжат. Ұлы бабаларымыз аңсаған егемендік, тәуелсіздік, тұтастық, бірлік, адамзаттық құндылықтар «байлығымыз да, бақытымыз да болған Мәңгілік Тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтай білуіміз керек»,- деп «Қазақстан - 2050» - Мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол екенін айқындап беріп отыр [1].

«Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында елбасының бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамды дамытуды көздейді. Бүгінгі қоғамның алдында рухы күшті тұлға, халық, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесі тұр. Осы тұрғыда тұлғаны қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің, бәсекеге қабілетті зияткер тұлға қалыптастыруда ұстаздың орны ерекше. Бүгінгі егемен еліміздің елдігі мен бірлігі ұстаз тәрбиелеген жас ұрпақтың рухының биіктігінде, біліктілігі мен білімінде екені әлемдегі жаһандану үдерісі көрсетіп отыр.

Интеллектуалды тұлғаны, ұлтты қалыптастыру – қоғамдағы ең көкейтесті мәселелердің бірі. Интеллектуалды әлеует – интеллектуалды іс-әрекеттің барлық түрлерін, оның субъектілерін, ғылымды, білімді, жаңашылдықты біріктіретін интегративті ұғым, ең алдымен, қоғамның интеллектуалдық ресурсы болып табылатын үздіксіз білім беру жүйесінде (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім, арнайы білім, жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі білім) қалыптасады.

Мақаланың мақсаты. Ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту мен қалыптастыру мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өркендеуінің және саяси дамуының тиімді факторы болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде еуропалық экономикалық және әлеуметтік кеңістікпен тығыз байланыс орнайтыны туралы, мемлекеттің экономикалық жүйедегі бәсекеге қабілеттілігі жөнінде сөз қозғауға болады.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің тәуелсіздігі күніне

орай «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыт-бағдары» тақырыпта кезекті халыққа жолдауында - 2050 жылы әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіру мәселесін алға тарта отырып, «оған қажеттінің бәрі - ресурстарымыз, білімді адамдар, ұйысқан ұлт, бәрі бар», - деді атап көрсете келе негізгі бағыттарды инновациялық дамуға жағдай жасау, білімнің маңыздылығын жоғарылату, Қазақстанды өндірісін дамытудың жаңа кезеңінің жоспарын жасау, индустриалды-инновациялық даму, Еуразия экономикалық одағын құру, мемлекеттік активтерді басқару жүйесін модернизациялау, Қазақстан азаматтарының құқықтарын сақтауға, этникалық және тілдік белгілері бойынша азаматтардың дискриминацияға ұшырамауы, азақ тілінің мәртебесін көтеру және тілдердің үштұғырлылығын дамыту,**жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі**елімізді қуатты да табысты мемлекетке айналдыру,- деп атап көрсетеді.

Аталған жолдауда қарастырылған бағыттар, негізгі идеялар «Интеллектуалды ұлт -2020» ұлттық жобасында қамтылған қағидалармен, инновациялық тұрғыда дамыту, жалпы қоғамды ақпараттандыру, болашақ ұрпақтың ұлттық мәдени құндылықтарын қалыптастыруға негізделген рухани-адамгершілік тәрбие беру стратегиялық бағыттарымен ұштасып, сабақтасып жатыр.

Мақаланың міндеттері. «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында елбасының бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамды дамытуды көздейді. Бүгінгі қоғамның алдында рухы күшті тұлға, халық, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесі тұр. Осы тұрғыда тұлғаны қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің, бәсекеге қабілетті зияткер тұлға қалыптастыруда ұстаздың орны ерекше. Бүгінгі егемен еліміздің елдігі мен бірлігі ұстаз тәрбиелеген жас ұрпақтың рухының биіктігінде, біліктілігі мен білімінде екені әлемдегі жаһандану үдерісі көрсетіп отыр.

Ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту мен қалыптастыру мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық өркендеуінің және саяси дамуының тиімді факторы болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде еуропалық экономикалық және әлеуметтік кеңістікпен тығыз байланыс орнайтыны туралы, мемлекеттің экономикалық жүйедегі бәсекеге қабілеттілігі жөнінде сөз қозғауға болады.


Қазіргі таңда Қазақстан саяси тұрақтылық пен жаңа экономикалық даму бағытын ұстанып отырған жағдайда, ұлттық құндылықтардың нығаюына ықпал ететін басты мәселе үздіксіз білім беру жүйесін модернизациялау мен ақпараттандыру, білім беруді жетілдіру, қоғамның рухани құндылығын арттыру маңызды болып табылады.

Қарастырылып отырған сұрақтың тарихы. Әлемдік деңгейдегі жаңа технологиялардың дамуы барысында білім беруге деген көзқарас тың арнада қалыптасып отыр. Қазіргі білім беру парадигмасына жаңаша қарау мәселесі негізгі орында. Білім беру жүйесі тек педагогикалық категория емес, бұл адами капиталдың дамуына орасан зор ықпал ететін қоғамдық құбылыс ретінде қарастырылады.

Осымен байланысты әлемдік білім стандарттарына мектеп пен жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің білім сапасын сәйкестендіру мәселесі қазіргі таңда негізгі орында тұр. Себебі барлық әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің тетігі болып табылатын жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы осы ортада қаланады. Сондықтан Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін білім беру саласының барлық құрылымын модернизациялау қазіргі қоғамның өркениетті дамуын қамтамасыз ететін басты тетігі болып отыр.

Білім алушылардың интеллектуалды тұлғасының қалыптасуын анықтайтын базалық дефинициялар «интеллект», «тұлғаның интеллектуалды әлеуеті», «интеллектуалды тұлға», «интеллектуалды ұлт» туралы ұғым болып табылады. «Интеллект - ақыл, ақыл-парасат, ес, түсінік, таным – ойлау қызметінің жоғарғы типі. Интеллектуалдық – адамның табиғат берген ой, сана, тану, ақыл, парасат секілді қасиет-қабілеттерін оқу, білім алу, тәжірибе жинақтау арқылы жетілдіруі, оны өзін және қоғамды дамыту үшін және жаңа жағдайларға сай бейімдеп қолдана алу қабілеті. *Интеллектуалды тұлға* – өмірдің кез келген ағымында пікірлесе алатын, жаңашыл-шығармашылық тұрғыда өзіндік білім алуға дайын, интеллектуалды қабілеті дамыған тұлға.

Интеллектуалды әлеуетті тұлға – адамгершілік және ұлттық құндылықтарға негізделген жаңа және арнайы мамандандырылған білім көздерін жоғары дәрежеде игеру арқылы пайда болған білім, білік, құзыреттерді өзінің, ұлты мен Отанының мүддесіне жарата алатын дара тұлға.



1-сурет – Интеллектуалды дамыған тұлға моделі (сипаттамасы)

Интеллектуалды ұлт – интеллектуалды тұрғыдан адамгершілік, мәдени қасиеттерді меңгерген өзінің ғылыми, мәдени, білімі мен білігін еркін тарату әлеуетіне ие бәсекеге қабілетті ұлт. Интеллектуалды ұлтты қалыптастыруда біздің міндетіміз интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру.

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақстан Республикасы Президентінің «Интеллектуалды ұлт-2020» мемлекеттік жобасында қамтылған басымды бағыттарды іске асыру мақсатында «Қазақстан Республикасы жоғары мектебі жағдайында ұлттың зияткерлік әлеуетін қалыптастыру» ғылыми мега жобасы дайындады.

Жоба аясында Қазақстан Республикасында ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың ғылыми-теориялық және практикалық негіздерін анықтай отырып, ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырудың негізгі бағыттары мен шарттарын анықтауды негізгі мақсат етіп қойып отыр.

Университет алдында тұрған негізгі мақсат ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін өзара сабақтастыра отырып, бәсекеге қабілетті тұлға, бәсекеге қабілетті білім ордасын құру. Университет әлемдегі жоғары деңгейдегі рейтинг жүйесі «Кью Эс» нәтижесі бойынша алдынға қатарлы 700 университеттің ішінде 601 орынды иемденсе, «Вебометрикс» рейтинг талаптары бойынша әлемдегі 12006 университет ішінен 5642 орынды иеленуіміз профессор оқытушылар мен студенттер арасындағы шығармашылық жұмыстың негізгі көрсеткіші екенін баса айтқым келеді. Сондықтан да, бүгінгі білім ордасы алдында интеллектуалды тұлға қалыптастыру мәселесіне нақты іс - шаралар атқарылып отыр.

Болашақ маманның интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыруда біз «Интеллектуалды ұлт-2020» мемлекеттік жобада қамтылған бағыттарды бойынша зерттеу жұмыстарын негізгі мақсат етіп қоя отырып, университет ғалымдары «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру» тұжырымдамасын дайындады. Тұжырымдама Қазақстан Республика-сының үздіксіз білім беру жүйесіндегі ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудың мақсаты мен міндеттерін, ұстанымдары мен іске асыру шарттарын айқындайтын негізгі құжат болып табылады. Тұжырымдамада ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамытудың тиімділігін қамтамасыз ететін әлеуметтік-педагогикалық ынтымақтастығын күшейту негізінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамыту мен қалыптастырудың стратегиялық бағыттары анықталған. Ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастырудың және қазақстан қоғамының тұрақты дамуына ықпал етуді жетілдірудің басты мүмкіндіктері қамтылады.

Ұлттың интеллектуалдығын қалыптастыру мәселесінің теориялық негізін айқындауда халықаралық тәжірибелерде жинақталған іс-әрекеттерді, әсіресе БҰҰ-ның құжаттарында берілген ұстанымдар мен қағидаларды зерделеу арқылы интеллектуалды ұлттың негізгі индикаторлары көрсетілді.

Тұлғаның интеллектуалды әлеуетін қалыптастырып, дамытуда ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан тарихи құндылықтарды негізге ала отырып, XX ғасырдың басында ұлттық білім мен тәрбие жүйесінің негізін салған, зиялы қоғамды құруға бар ғұмырларын арнаған А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Шоқай т.б. тұлғалардың тарихи болмыстарын бүгінгі ұрпаққа мұрат ете отырып, зиялы қоғамның ұлттық болмысын қалыптастыру көзделеді.

Дана Абайдың ұсынған «жанның тамағы» деген философиялық тұжырымы тұлғаның бойында болатын адами, рухани күш жігерінің қалыптасуына бағыттайды.Абайдың «Толық адамы» туралы тұжырымының негізгі қағидасы болған - арлылық, ақыл, рахым, парасат, әділеттілік пен қайрымдылық қасиеттердің интеллектуалды тұлғаны қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады.Тұлғалардың өмірі зиялы қоғамды құруға бағытталған негізгі күш деп бағалауға болады. «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасында қамтылған қағидаларды ұлы Абайдың «Толық адам» идеясымен сабақтастыра отырып «Абайтану» атты оқу құралы оқу-тәрбие үдерісіне енгізілді.

Интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың негізі және ұлттың ұлт ретінде сақталуының негізгі көрсеткіші – ұлттық тіл. Еліміз егемендік алғаннан бері ана тіліміз салыстырмалы түрде сұранысқа ие болғанына тоқтала кетуіміз керек. Мемлекеттің алдында бүгінгі таңда ана тілді менгертумен қатар, үштілділікті меңгерту мәселесі тұр. Үштілділікті қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу арқылы кез-келген тұлға әлемдік білім кеңістігіне еркін кіру арқылы, өзінің интеллектуалды әлеуетін жетілдіруге толықтай мүмкіндігі бар екені дау туғызбайды. Ғылыми жоба бойынша тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамыту барысында студенттерге үштілді меңгертудің ғылыми-педагогикалық негізі, үштілді меңгерген интеллектуалды тұлға тәрбиелеу – ұлт әлеуетін дамытудың кепілі екені бүгінгі күн тұрғысынан қарастырылады.

«Интеллектуалды ұлт-2020» жобасы тұлғаның, болашақ ұрпақтың ұлттық мәдени құндылықтарын қалыптастыруға негізделген рухани-адамгершілік тәрбие беру басты стратегиялық бағытты қамтып отыр. Жаһандану заманында рухани құндылықтардан материалдық құндылықтардан басым болып тұрған тұсында аталған мәселенің басты стратегиялық бағыт болуы да дау туғызбайды. Яғни, зиялы қоғамды құруда қоғам мүшелерінің бойында рухани құндылығы, ар тазалығы негізгі орын алады.

Интеллектуалды ұлт болып қалыптасуда халықтың тұрмыс жағдайы негізгі көрсеткіш болып табылады. Ғылыми жобада экономикалық тұрғыда ұлтымыздың тұрмыс жағдайларына сипаттама және зиялы ұлт болудың индикаторлары қарастырылады. Негізгі индикаторлар - тұлғаның жалпы тұрмыс жағдайы, білім алуға және ғылыммен айнылысуға қолжетерлігі, жұмыспен қамтылуы, денсаулығы, еңбек табысы, медицинамен қамтамасыз етілуі, т.б.

Зерттеу әдістері. Біздің алдымызға қойылған негізгі мақсат бәсекеге қабілетті интеллектуалды ұрпақты қалыптастыру. Осы мақсатқа сай тұжырымдамада берілген негізгі қағидаларды іске асыруда университеттің белгілі ғалымдары Ф.Ш.Оразбаева, А.Е.Берикханова, Г.К.Шолпанқұлова, Г.З.Халикова, Т.Қ.Ауелғазина дайындаған «Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру негіздері» атты пәнді 2 курс студенттеріне 2 кредит көлемінде университеттің оқу - тәрбие үдерісіне эксперименттік тұрғыда енгізіп отырмыз.

Пәнді оқыту мақсаты - адамзаттың рухани құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа мирасқорлықпен жеткізе алатын; көптілді және ұлттық өркениеттік мәдениетті меңгерген; бәсекеге қабілетті, қоғамның әлеуметтік даму жағдайына бейімделген; халықтың бірлігін, мемлекетің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын; ақпараттық және инновациялық технологияларды еркін қолдана алатын интеллектуалдық әлеуеті жоғары тұлға қалыптастыру.

Пәнді оқыту міндеттері:

- интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру - мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтаудың кепілі екенін;
- Қазақстан Республикасы Президенті Н.А.Назарбаевтың әр жылдар Жолдауларындағы интеллектуалды ұлтты қалыптастыру идеяларының маңызын;
- Қазақстан Республикасы Президенті Н.А.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы: мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауындағы интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың алғышарттарын;
-Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы Қазақ елін Мәңгілік елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол екенін;
- «интеллектуалдық тұлға» «интеллектуалды ұлт», «интеллектуалдық әлеует», «болашақ маманның интеллектуалдық әлеуеті», «ұлттың интеллектуалдық әлеуеті» ұғымдарының мәнін;
- интеллектуалды ұлтты қалыптастырудағы халықарлық тәжірибелер жиынтығын;
- ұлт зиялыларының қалыптасу тарихы мен оның интеллектуалды ұлтты қалыптастырудағы ролін;

- ұлттық тілді, ұлттық тарихты, салт-дәстүрді меңгерту арқылы студенттердің ұлттық сана-сезімін, тарихи зердесін қалыптасыру;

- болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру барысындағы инновациялық және ақпараттық технологиялардың маңызын;

- жоғары мәдениеттілікке, біліктілікке, бәсекеге қабілеттілікке жетелейтін білімнің басым бағыттарын білуі тиіс.

Нәтижелер. Ұсынылып отырған оқу құралының басты ұстанымдары: интеллектуалды ұлт – халықтың интеллектуалды әлеуетінің бейнесі, интеллектуалды дара тұлғаның, ұлттың қалыптасуының негізгі басты бағыт-бағдарын, жолдарын айқындайды, студенттің үздіксіз білім алу мен өздігінен білім алу қажеттілігін жете түсінуіне, интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың негізгі индикаторларын, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтау ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру екенін меңгеруге ықпал етеді. Аталған пән университеттің «Филология және көптілді білім беру институтының» қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша 2 курс студенттерімен 2014 жылдың қаңтар айынан бастап эксперименттік тұрғыда өткізілді. Аз уақыт болса да өз нәтижесін көрсетті.

Қорытынды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауы және «Интеллектуалды ұлт - 2020» жобасында қарастырылған бағыттардың іске асырылуы инновациялық индустриялық экономикаға, біртұтас және топтасқан ұлт ретіндегі қазақстандықтардың жаңа өмір сапасына, XXI ғасырдағы ырғақты дамушы және жауапты мемлекет ретіндегі Қазақстанның халықаралық беделінің жаңа шыңдарына көтерілуді көздейтін бірегей бағыттарын көрсете отырып, мызғымас бірлік, тынымсыз еңбекпен, жасампаздық пен жаңашылдық, жауапкершілікпен табысқа жететін интеллектуалды тұлға қалыптастыруды көздейді. Қоғамның әлеуметтік даму жағдайына әлеуметтенген, ұлттық және өркениеттік мәдениетті меңгерген, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, халық бірлігі, мемлекетіміздің тұтастығы мен дербестігін қорғай алатын патриот - азаматты қалыптастыру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы. –Алматы: Атамұра, 2014. -40 бет.
2 Қазақстан Республикасы Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасы. - Алматы: Айқын. 2008. - 1-Б.
3 «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. –Алматы: Ақиқат. 2013. №1, – С. 5 - 27
4 Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде ұлттың интеллектуалды әлеуетін дамыту тұжырымдамасы. - Алматы. Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат», 2013. - 36 б.
5 «Жоғары оқу орындарында болашақ маман тұлғасының интеллектуалды әлеуетін дамыту: мәселелер, ізденістер, болашағы» атты республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат», 2013 жыл, 23 сәуір. - 116-б.
6 Формирование интелллектуального потенциала нации в условиях высшей школы. Алматы. КазНПУ им. Абая. «Ұлағат», 2012. – 336 с.
7 Peccei A. The Human Quality. — Oxford; New York: «Pergamon Press», 1977.
8 Оразбаева Ф.Ш., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е., Шолпанқұлова Г.К., Халикова Г.З., Ауелғазина Т.Қ., Нұрғалиева Д.А. «Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру негіздері». Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ. 2013. – 305 б.

С.Т.Иманбаева [1], Ш.И.Джанзакова [2]
Казахский национальный педагогический университет им.Абая, Алматы, Қазақстан
Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан

Значение национальной программы
«Интеллектуальная нация - 2020» в создании интеллектуальной среды

Аннотация. В статье актуализируется важность формирования интеллектуального потенциала будущего специалиста - формирование интеллектуального человека, потенциала интеллектуальной нации с позиций обеспечения конкурентоспособности государства в контексте реализации содержания

национальной программы «Интеллектуальная нация-2020». Формирование интеллектуальной личности и потенциала интеллектуальной нации является одной из актуальных проблем современного общества. Рассматриваются основные индикаторы конкурентоспособности Казахстана как конкурентоспособного государства, а также гарантии сохранения конкурентоспособности нации и личности как фактора развития конкурентных преимуществ страны. Дана сущностная характеристика модели интеллектуально развитой личности, уточняется и конкретизируется содержание таких понятий, как «интеллект», «интеллектуальная нация», «интеллектуальный потенциал личности», «интеллектуальность». Представлен опыт внедрения курса «Основы формирования интеллектуального потенциала будущего специалиста» в образовательный процесс вуза.

Ключевые слова. Интеллектуальная нация, интеллектуальный потенциал, интеллектуальный потенциал личности, конкурентоспособность, конкурентоспособность Казахстана, духовные и моральные ценности личности.

S.T.Imanbayeva [1], Sh. Janzakova [2]

Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
Kh. Dosmukhamedov University, Atyrau, Kazakhstan

The importance of the national program “intellectual nation - 2020” in the creation of the intellectual environment

Abstract. The article actualizes the importance of the formation of the intellectual potential of the future specialist - the formation of an intellectual person, the potential of the intellectual nation from the standpoint of ensuring the competitiveness of the state in the context of the content of the national program «Intellectual nation-2020». Formation of intellectual personality and intellectual potential of the nation is one of the current isuue of modern society. This article presents main indicators of competitiveness of Kazakhstan as a competitive state, as well as guarantees of maintaining the competitiveness of the nation and the individual as a factor in the development of competitive advantages of the country. The essential characteristic of the model of intellectually developed personality is interpreted, the content of such concepts as «intellect», «intellectual nation», «intellectual potential of personality», «intellectuality»is specified. The experience of introduction of the course»Foundations of the intellectual potential of a future specialist» in the educational process of the university is presented.

Key words. Intellectual nation, intellectual potential, intellectual potential of the person, competitiveness, competitiveness of Kazakhstan, spiritual and moral values of the person.

References

1. Kazakhstan Respublikasının Prezidenti N.A. Nazarbaevtın «Qazaqstan jolı -2050: bir maqsat, bir müdde, bir bolaşaq» joldawı [Kazakhstan’s way - 2050: a common goal, common interests, common future](Ata mura», Almaty, 2014, 40 bet).
2. Kazakhstan Respublikasy N.A.Nazarbaevtın «Intellektualdı ult-2020» ulttık bagdarlaması[Intellectual nation - 2020, national programme] (Ayqın, Almaty, 2008. 1-b).
3. Kazakhstan - 2050» strategiyası – kalıptaskan memlekettin jana sayasi bagıtı. Kazakstan Respwblikasının Prezidenti N.A.Nazarbaevtıñ Qazaqstan xalqına joldawı [«Kazakhstan - 2050» strategy: new political direction of formed state]Almaty, Akikat.1, 5 - 27, (2013).
4. Kazakstan Respwblikasının uzdiksiz bilim berw juyesinde ulttın intellektwaldı alewetin damıtw tujırımdaması[The concept of intellectual potential formation in the structure of continuous teaching of the Republic of Kazakhstan] (Abay atındağı QazUPW, «Ulağat», Almaty, 2013).
5. «Jogarı oku orındarında bolachak maman tulgasının intellektwaldı alewetin damıtw: maseleler, izdenister, bolachagı» attı respublikalık gılımi-praktikalık seminar materïaldarı [Intellectual potential development of future specialists at higher education: problems, findings, future](Abay atındağı QazUPW. «Ulağat», Almatı: 2013 jıl, 23 säwir. - 116-b).
6. Formirovanie intelllektualnogo potenciala nacii v usloviyakh vıschey chkolı [Intellectual potential formation of the nation at higher education] (KazNPW im. Abaya. «Ulagat», Almaty, 2012).
7. Peccei A. The Human Quality. («Pergamon Press»,Oxford; New York, 1977).
8. Orazbaeva F.Sh., Imanbaeva S.T., Berikhanova A.E., Sholpankulova G.K., Khalikova G.Z., Auelgazina T.Q., Nurgalieva D.A. «Bolachak mamannın intellektualdı aleuetin kalıptastıru negizderi» [Basics of intellectual potential formation of future specialist]. Oku kuralı(Abay atındagı QazUPW, Almatı, 2013).

Авторлар туралы мәлімет:
Иманбаева С.Т. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық

университеті, Алматы қаласы, Қазақстан.
Джанзакова Ш.И. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор м.а., Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Педагогика кафедрасының меңгерушісі, Атырау, Қазақстан.
Imanbayeva S.T.- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.
Janzakova Sh. - Doctor of Pedagogical Science, Professor, Head of Pedagogical DepartmentAtyrau State University after Kh. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan.